

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 қазандағы № 22 "Жібек-жолы ауылдық округі Жібек-жолы ауылындағы "Гүлжәмила" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 31 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 5950 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 08-02-03/546 ұсынысы негізінде, Жібек-жолы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бруцеллез ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Жібек-жолы ауылдық округі Жібек-жолы ауылындағы "Гүлжәмила" шаруа қожалығының аумағынан шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Сайрам ауданы Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 қазандағы № 22 "Жібек-жолы ауылдық округі Жібек-жолы ауылындағы "Гүлжәмила" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5863 болып тіркелген, 2020 жылғы 28 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жариялағаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жібек-жолы ауылдық
округінің әкімі*

А. Тураров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК